



ӨОЖ 636.3.035

FTAMP 683937

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).181

Онаева Г.Т.*, Кадримбетова Н.Н., Елкей Н.Н.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан

***Корреспондент-авторы: g.onaeva8@gmail.com**

E-mail: g.onaeva8@gmail.com, n.kadrimbetova@gmail.com, yelkeynur@gmail.com

ҚОЙ ЖҮНІ: ДӘСТҮРЛІ БІЛІМДЕР МЕН ДАҒДЫЛАРДАҒЫ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ ПАЙДАЛЫ ТҰСТАРЫ

Аңдатпа. Мақсаты – Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұраларының бір тармағы болып саналатын дәстүрлі кәсіптерге байланысты білімдер мен дағдылардың қатарындағы қой жүнінің ерекшеліктерін зерттеу және кейбір ұғымдарды нақтылау. Әдістері – аналитикалық және салыстырмалы-тарихи талдау әдістері қолданылып, қой жүніне қатысты деректер кешенді қарастырылды. Бұл тәсілдер зерттеу міндеттерін шешуде тиімді әрі ғылыми тұрғыдан негізделген. Нәтижелері – қой жүнінің өзіндік қасиеттері мен адам ағзасына пайдалы қырлары айқындалып, шайыры мен шуашының айырмашылығы талданып, «қой жүнінің шуашы» ұғымына нақтыланған анықтама берілді. Қорытынды – зерттеу нәтижелері қой жүніне қатысты материалдық емес мәдени мұраны сақтау мен дамытудың әлеуеті жоғары екенін көрсетті. Бұл бағытты ілгерілету үшін қолөнер, этно-дизайн, сән индустриясы, туризм, ауыл шаруашылығы мен білім беру салаларымен өзара ықпалдастықта жүзеге асырылуы тиіс.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы, қой шаруашылығы, шайыр, шуаш, киіз, ланолин, сабау, төрт түлік, тулақ, кәсіп.

Kipicne

Қой жүні – қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен қолөнер мәдениетінде маңызды орын алатын табиғи шикізат көзі. Ол тұрмыстық қажеттілікті өтеумен қатар, халықтың материалдық емес мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде ұлттық дүниетаным, тәжірибе және кәсіптік дағдылармен тығыз байланысты. Қазіргі таңда экологиялық таза шикізат көздерін іздестіру, дәстүрлі білімдер мен тәжірибелерді қайта жаңғырту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы тұрғыда қой жүніне қатысты білімдер мен дағдыларды ғылыми тұрғыдан зерделеу – уақыт талабына сай маңызды бағыт.

Зерттеудің басты мақсаты – қой жүнінің дәстүрлі білімдер жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктерін айқындау және оның пайдалы тұстарын ғылыми тұрғыдан талдау. Осы мақсатқа жету үшін қой жүніне қатысты кәсіби дағдыларды сипаттау, дәстүрлі қолөнер мен тұрмыстағы қолданысын анықтау, оны қолданудағы адам



ағзасына пайдалы тұстары қарастыру, қой жүнінің құрамына қатысты кейбір анықтамаларға толықтырулар ұсыну міндеттері алға қойылды. Зерттелу дәрежесі – қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен қолөнеріне байланысты ғылыми еңбектерде қой жүні жөнінде бірқатар деректер кездескенімен, оның білімдер мен дағдылар жүйесіндегі өзіндік ерекшелігі арнайы нысан ретінде жан-жақты қарастырылмаған. Шаруашылық пен этнографияға қатысты деректер ішінара талданғанымен, қой жүніне қатысты кешенді зерттеу аз. Теориялық тұрғыдан – дәстүрлі білімдер жүйесінің мазмұнын айқындауға септігін тигізсе, практикалық тұрғыдан – қолөнер мен жеңіл өнеркәсіп саласында экологиялық таза өнімдерді пайдалану ісінде қолдануға мүмкіндік береді.

Қой жүні – ауыл шаруашылығының (оның ішінде қой шаруашылығы) және қазақ мәдениетіндегі қолөнердің ең тиімді өнімі ретінде қызмет етіп, дәстүрлі рәсімдер мен ұлттық нақыштарда пайдаланылды және бұл үрдіс пен үдеріс одан әрі арта түспесе кемімесе анық. Осы тұрғыда мемлекет тарапынан оларды сақтау мен дамыту үшін қарқынды түрде жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр десек те, ауылдық өңірлерде оны өңдеп іске асырудың гөрі, керексіз қалдық ретінде тастаудың жиі кездесетіні жасырын емес. Осындай келеңсіздіктердің алдын-алу мақсатында қой жүнін тиімді өңдеу мен қайта пайдалану бағытындағы ғылыми-зерттеулерді күшейту, инновациялық технологияларды өндіріске енгізу, саланы қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламаларды жетілдіру және ауылдық өңірлерде шағын кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасау ерекше маңызға ие.

Қой жүнінің тек қана тұрмысқа қажетті заттардың құрамында ғана емес, сонымен қатар ұлттың мәдениетімізде, ауыл шаруашылығы (оның ішінде қой шаруашылығы) мен халық медицинасында және тұрмыс тіршілігімізде терең байланысы бар. Демек, қой жүнінің қазақ халқы үшін маңызының бірнеше қыры бар, атап айтқанда:

– Күнделікті қолдану;

Қазақ халқында қой жүнінен түрлі қолөнер бұйымдары жасалған. Бұлардың қатарында киімдер (қой жүні шекпендер, тымақтар, байпақтар, т.б.), төсеніштер (киіз, кілем, текемет), тікелей үй тұрмысына қажетті заттар (құрақ көрпе, жастық, т.б.) бар. Қой жүні – қазақ халқының көшпелі өмір салты үшін өте маңызды болған табиғи материал, себебі ол суықта жылытып, ыстықта салқындататын қасиетке ие.

– Ауыл шаруашылығының негізі;

Қой шаруашылығы қазақ халқының экономикасының маңызды бөлігі, шаруашылықтың негізгі өнімдерінің бірі. Сонымен қатар, қой жүнінің сапасы жыл мезгілдеріне байланысты әртүрлі болғандықтан, қой шаруашылығында оның қыркып алынуы мен өңделуі дәстүрлі шаруашылықпен тығыз байланысты.

– Мәдени және рухани мәні;

Қой жүнінен жасалған заттар қазақ халқының мәдениетін, өнерін және дәстүрін көрсететін маңызды элемент. Әсіресе, қолөнершілер арасында қой жүнінен дайындалатын өрнектер мен оюлар тігілген көрпе, кілем мен кілемшелер тоқу дәстүрі кең тараған. Сонымен қатар, қойдың жүнін сабау, оны түту және жіп етіп ируден тұратын – жүнді өңдеу процестерінің өзі маңызды бөлігі болып табылады.



– Рухани символика;

Қойдың және оның жүнінің символикалық маңызы да бар. Қазақ халқы төрт түліктің ішінде қойды елдің тыныштығын, бейбіт заманды білдіреді деп сенген. Соның бір ғана мысалы – «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» дегеннен «бейбіт заманды», «тыныш өмірді» аңғартса керек. Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде қойдың маңызды болғандығы соншалықты, оны аңыз әңгімелер мен мақал-мәтелдерден, дәстүрлі рәсімдер мен ұлттық ырымдардан да кездестіруге болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің негізгі талдау материалы – қой жүнінің дәстүрлі тұрмыстағы, шаруашылықтағы және қолөнердегі қолданылу ерекшеліктеріне қатысты деректер. Бұған этнографиялық еңбектер, ғылыми әдебиеттер, архивтік құжаттар, сондай-ақ ауызша тарих пен халықтық тәжірибеден алынған мәліметтер енгізілді. Әдістері – зерттеу барысында аналитикалық тәсіл қолданылды. Бұл әдіс деректерді жинақтау, салыстыру, талдау және түсіндіру арқылы заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы әртүрлі дереккөздердегі мәліметтер өзара салыстырылып, олардың ерекшеліктері мен ортақ қырлары айқындалды.

Зерттеу тақырыбын толық және жан-жақты қамту мақсатында Қазақстан Республикасы үкіметінің 2003 жылғы 17 қазанда Парижде бекітілген «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау» туралы қабылданған Конвенциясы (2011 жылғы 21 желтоқсанында № 514-IV Заңымен ратификацияланған) [1], Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі №408 қаулысымен «Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту» жөніндегі Тұжырымдамасы басшылыққа алынды [2]. Аталған тұжырымдаманың мақсаттарының бірі – Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұрасын қорғау, дамыту және насихаттау үшін қолайлы жағдайлар жасау және жоғалу қаупі төнген материалдық емес мәдени мұраларды сақтау және қайта жаңғырту мақсатында аталған зерттеу жұмысын кеңінен талқылауға міндеттері туды.

2014 жылы ЮНЕСКО ұйымының «Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының репрезентативті тізіміне» – қой жүнінен дайындалатын «Қазақтың киіз үй жасау өнерінің» енуі оның ұлттық бренд ретінде әлем алдында мәртебесін нығайтты [3]. Ал осы киіз үй жабдығының өзі қой жүнінен дайындалатыны белгілі болғандықтан, оны зерттеп-зерделеу, бағамына жетіп бағалау қонымды болмақ.

Зерттеу барысында қазіргі уақытта белсенді қолданылатын, әдеби тілдердің сөздіктерінде толық емес, жартылай ғана көрініс тапқан ұғымдар нақтыланды, атап айтқанда, қой жүнінің «шуашына» қатысты толыққанды анықтаманы түсіну үшін алдымен атауларына қарай аражігін ашу мақсатында қой жүніндегі «шайырға» қатысты түсініктемелер қарастырылып (көбінесе «шайыр» мен «шуашты» ажырата алмай, бір мағынада қолданатын жәйттар көптеп кездеседі), толыққанды анықтамасы ұсынылды.

Материалдық емес мәдени мұраны қорғаудың халықаралық механизміне Қазақстанның қатысуы – бай мұрасы бар ел ретіндегі беделін әлемдік



қауымдастықтар алдында арттырып қана қоймай, ЮНЕСКО аясындағы жобаларға қатысу үшін қолайлы жағдайлар туғызып отыр. Бұл басқа мемлекеттермен және қауымдастықтармен тәжірибе алмасуға, көршілес елдермен мәдени байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді. Ұлттық құндылықтарымыздың ЮНЕСКО тізіміне енуі салт-дәстүрдің мәртебесін көтеріп, ұлт руханиятын дәріптеу болмақ. Осы салада қыруар еңбек атқарып жатқан ғалым-зерттеушілердің қой жүнінің қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған жұмыстарын ғылыми қауымдастықтар (жергілікті және этникалық, топтар және кейбір жағдайларда жеке тұлғалар) жоғары бағалауы қуантарлық жағдай. Жүнді өңдеудің тиімді технологияларын, сонымен қатар ұлттық дәстүрге байланысты білім мен дағдылардың сақтай отырып, өнімділігін арттыру мәселелерін қарастыру олардың басты зерттеу бағыты болып табылады.

Зерттеу нәтижелері

Қой жүні – ауыл шаруашылығы саласындағы ең тиімді өнімдердің бірі ғана емес, қазақ халқының мәдениетінде ерекше орыны бар. Ол дәстүрлі рәсімдер мен ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдарын жасауда маңызды рөл атқарды. Алайда қазіргі жағдайда оның өндірістік әлеуетін толыққанды пайдалану деңгейі төмендеп отыр. Осы келеңсіздіктердің алдын алу мақсатында қой жүнін өңдеу мен қайта пайдалану үдерістерін жетілдіру, инновациялық технологияларды енгізу және ғылыми-зерттеу жобаларын қолдау қажет. Сонымен бірге жергілікті қауымдастықтардағы шағын кәсіпкерлікті ынталандыру мен институционалдық қолдау тетіктерін дамыту өзекті болып табылады.

Алдымен қой жүнінің шайыры мен шуашының толыққанды анықтамасына тоқталып, атауларына қарай аражігін ажырата білгеніміз орынды болмақ (көбінесе осы екі атауды ажырата алмай, бір мағынада қолданатын жәйттар да жоқ емес). Осы екі ұғымның аражігін нақты ажырату – қой жүнін ғылыми тұрғыдан дұрыс бағамдауға әрі оны өңдеу технологияларын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

2011 жылы жарыққа шыққан «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Жүннің шайыры» – қой терісіндегі май және тері бездерінен бөлінетін шырыны, ал «шуаш» – қой терісіндегі май және тері бездерінен бөлінетін тұтқыр зат. Тердің құрамында әртүрлі органикалық қосылыстар және минералды заттар, калий, натрий тұздары болады. Теріден бөлінген май терге араласып шайырға айналады» дей отырып, «шуаш – көп терлегеннен малда, адамда пайда болатын жағымсыз иіс, тері ауруы» деп көрсеткен [4, 204]. Жоғарыда айтылғандай, теріден бөлінген май терге араласып, шайырға айналады дегенге, жақсы, келісейік. Алайда шуашты қой терісіндегі май және тері бездерінен бөлінетін тұтқыр зат деп түсіндіру қисынға келмейтіні анық.

Ал «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда: «Шайыр барлық төрт түлік малдың жүнінде болады. Басқа түлікке қарағанда, шайыр қой жүнінде айтарлықтай көп кездеседі. Қой жүнінің құрамындағы шайыр өткір иісті болып, қолға май секілді жұғып қалады. Қырқылған жүннің құрамындағы кір-қоқыс шайырға жабысып, кірігіп, жабағыланып тұрады деп көрсетілген [5, 644 - 645]. Мұндағы шайырдың



сипатында «шайыр өткір иісті болып» деген сөз тіркесі бар. Демек, «шайыр» дегеніміз бөлек ұғым да, оның өткір иісі бөлек ұғым. Нақтылай айтсақ, шайырдың өткір иісінің атауы – «шуаш».

Ендеше қойға қатысты «шуаш» ұғымын қалай түсінуіміз қажет?

Біздің ойымызша, «Қой жүнінің шуашы дегеніміз – қой жүнінің шайырынан шығатын май мен тердің табиғи (спецификалық) иісі (бұл иіске дымқыл қорадағы зэр мен қидың және басқа да иістердің араласуы мүмкін; жуылғаннан кейін қой жүніндегі сырттан сіңген бөтен иістер кетіп, өзінің табиғи иісі – шуаш иісі ғана сақталып қалады).

Жалпы, «шуаш» – қазақы атау және қазақ тілінде бірнеше мағынаға ие.

Қой жүнінің шуашы атауынан бөлек, қолданыста адам аяғында болатын тері ауруының бір түрі бар (мысалы, адам аяғындағы саңырауқұлақ инфекциясы немесе тері ауруының салдарынан иістенуі және тазалықты сақтамаған жағдайда пайда болатын жағымсыз иіс).

Кейбір дерек көздерінде қой жүнінің шуашын да тері ауруының салдары ретінде көрсететін жәйттер кездеседі. Бірақ бұл – мүлдем қате ой. Өйткені қойдың шуашы оның терісіндегі аурудың түрі болса, нақты түрде «трихофития», «микроспория» сияқты ветеринарлық атаулармен аталуға тиіс еді, алайда ветеринария ғылымында шуаштың шығуына себеп болатын ауру түрлері айтылмайды.

Қой жүнінің шуашынан жәндіктер, әсіресе кене, қоңыз, қарақұрт сияқты зиянкестердің үркетіні жөніндегі түсінік халықтық тәжірибеге негізделген. Бұл туралы нақты ғылыми зерттеулер аз болғанымен, халық арасында кең тараған наным-сенімдер мен тәжірибелік байқауларға ден қойсақ, қой жүнінің табиғи иісі, яғни шуашы көп жәндікке жағымсыз тиетінін түсінеміз. Сондай-ақ, халқымыздың қой жүнінен киіз басып, оны төсенішке, үйдің ішкі жабдықтарына пайдалануы тек жылу сақтау үшін ғана емес, зиянкестерден сақтану үшін де қажет болғанын аңғарамыз. Ел ішінде айтылатын: «Қой жүні жайылған жерге қарақұрт жоламайды», «Қойдың иісі жыланнан да сақтайды» деген наным-сенімдердің де өмірлік негізі бар екеніне шүбәлану орынсыз болмақ.

Қой жүнінің шайыры жүн талшықтарының физикалық қасиеттерін сақтауда айрықша рөл атқарады. Ол талшықты сыртқы ортаның әсерінен қорғап, жүнге ылғалдың, кірдің және әртүрлі өсімдік қалдықтарының сіңуіне кедергі жасайды. Шайыр талшық бетіне жұқа қабат түрінде жабысып, жекелеген жүн талшықтарын өзара біріктіріп, шүйкелендіреді және жабыстырады. Осылайша шайыр жүнді әртүрлі ластайтын қоспалардан, судан, механикалық әсерлерден сақтап, оның сапасының қалыпты жағдайда сақталуына тікелей ықпал етеді. Шайырдың негізгі қызметін оның құрамындағы май атқаратыны ғылыми тұрғыда белгілі.

Қой шаруашылығында жүн шайырының мөлшерін анықтаудың тәжірибеде кеңінен қолданылатын әдістері бар. Егер қойдың қарын тұсындағы жүн тұлымының 1/5–1/6 бөлігіне дейін минералды қоспалармен ластанса, онда жүн шайыры жеткілікті деп есептеледі. Ал егер ластану деңгейі тұлымның 1/3 тереңдігінен асып кетсе, шайырдың жеткіліксіз екендігі анықталады. Шайыр көлеміне күмән туындаған жағдайда, жүн талшықтарын бұрау арқылы тексеру әдісі



колданылады. Бұрау кезінде талшықтардың бетінде майлы қабаттың біркелкі таралуы жүн шайырының қалыпты екендігін дәлелдейді.

Ал, шайыр көп болса, талшық бетіне тамшы түрінде тұнады, ал жетіспесе май шықпайды және талшықтар бірікпейді [6, 38]. Шайыр – қойдың тұқымына, өзіндік ерекшелігіне, жынысына, қоректенуіне және ауа-райына байланысты. Биязы жүнді қойларда шайыр көп, биязылау жүнді қойларда – орташа, ал қылшық жүнді қойларда – аз болады. Жүннің шайырының пайдасы көлемінен гөрі, сапасына байланысы. Сапалы жүн шайырының түсі ақ және құрамындағы жүн майының йодтық саны және балқу температурасы жоғары болады. Мұндай жүн шайыры аз көлемде болса да, жүннің сапасын сақтап, таза жүн шығымының жоғары болуын қамтамасыз етеді [7, 6 - 7]. Жүннің шайыры ақ, бозғылт қоңыр, сарғылт, жасыл түсті болады. Ең жақсысы – ақ, сарғыш, бозғылт қоңыр шайыр. Бұндай шайырлар жауын суына ерімейді, ыстық сумен сабындап жуғанда ғана кетеді. Жуып, шайырын кетіріп кептіргенде, жүн қалыпты, табиғи түріне келеді. Шайырдың оңай еритін немесе ерімейтінін түсіне қарап ажыратуға болады, мысалы, жұмыртқаның сарысына немесе тот басқан темір түсіне ұқсаса ол жауын суына ерімейтінін көрсетеді, ал кейде көгілдір тартып тұрса ерігіштігі басым болғаны. Шайыры аз болса, жүн де құрғақ, солғын болады. Қолға ұстағанда ондай жүннің қаттылау екендігі байқалады. Ондай жүнді «құрғақ жүн» дейді [8, 1 - 6]. Қой шаруашылығында малдың қондылығы мен семіздігі көбінесе жүніндегі шайырмен байланыстырылады. Осыған орай халық тілінде мұндай малды «мал шайырлады», «қой шайырлады» деп сипаттайды. Жергілікті халықтық терминологияда шайырдың мөлшеріне қарай «шайырлы жүн» (сапалы, құнды жүн) және «шайырсыз жүн» (сапасы төмен, құны арзандау жүн) деген атаулар қалыптасқан. Алайда, жүн шайырлы немесе шайырсыз болуына қарамастан, оның шуашы болатыны анық.

Қой жүнінің қалдықсыз пайдаланылатын өнім екендігін дәлелдейтін жайттардың бірі – шайырдың да кәдеге асуы. Жүн шайырының құрамынан алынатын ланолин қазіргі таңда құнды медициналық әрі косметикалық шикізат ретінде кеңінен қолданылады. Жүнді жуу барысында арнайы жуу агрегаттарында тұнған шайыр бөлек жиналып, арнайы ыдыстарға құйылады да, кейіннен косметикалық өнімдер өндіретін кәсіпорындарға жөнелтіледі [9, 105].

Кейбір дереккөздерде қой жүні «оң ионды көп бөледі» деген ақпараттар жиі кездеседі. Дегенмен, мұндай тұжырым ғылыми тұрғыдан дәлелсіз, себебі қой жүні ион бөлетін материалға жатпайды, ол тек электростатикалық қасиеттерге ие. Біріншіден, қой жүні – негізінен кератиннен тұратын табиғи ақуыз талшығы. Екіншіден, жүн талшықтары үйкеліс процесінде электростатикалық заряд жинақтауы мүмкін. Мысалы, басқа материалдармен үйкелген жағдайда талшықтарда оң немесе теріс заряд пайда болады. Алайда бұл құбылыс жүннің арнайы түрде оң ион шығаратынын білдірмейді. Электростатикалық заряд – бұл талшықтың бетінде электрондардың жиналуы немесе электрондардың жетіспеушілігі салдарынан туындайтын құбылыс. Кейбір табиғи материалдар, соның ішінде жүн мен жібек, үйкеліс кезінде электростатикалық эффект тудырып,



ұсақ заттарды тарту қабілетіне ие. Бірақ бұл құбылыс иондардың бөлінуімен байланысты емес, ол тек уақытша зарядтың жиналу нәтижесі болып табылады.

Қой (лат. Ovisaries) – қуысмүйізділер тұқымдасына жататын, күйіс қайыратын жұптұяқты мал. Ата-бабамыз оны төрт түліктің бірі деп есептейді. Тарихи дерек көздерінен қойдың бұдан 10-11 мың жыл бұрын қолға үйретілгені, арғы тегі - жабайы қой муфлон және арқар болғандығы туралы білеміз. Қой жүннің қасиетін, оның жылу сақтағыштық және емдік әсерін жақсы білгендіктен де, қой жүні – көшпенділердің культтік материалы болып саналады. Кейбір ғалымдар «войлок» сөзі этимологиялық тұрғыдан түркілердің ортақ «үйлук», яғни үйге арналған сөзімен байланысты деп есептегендіктен де [10, 226], ата-бабаларымыздың көрегенді-пайымын, тұрмыс-тіршілігін қой және қой жүнінен жасалған бұйымдарсыз елестету мүмкін емес.

Қой жүнінен дайындалатын құнды қолөнер туындыларының қалыпты өңделуіне дейінгі арада қаншама дайындық кезеңдерінен өтетіні, қаншама қыруар еңбектің арқасында дайындалатыны белгілі.

Қой шаруашылығында қыркудан басталатын өңдеудің өзі бірнеше кезеңдерден тұрады:

- Қырқу (көктем және күз айында арнайы дайындықпен жүн алу);
- Жуу (қыркылған жүнді алдымен шаң-тозаңынан, кірінен, әртүрлі қоқыс-қалдықтарынан арылту үшін суық немесе жылы сумен жуу);
- Кептіру (жуылған жүнді көлеңкелі, желдің ығында толық кептіру);
- Сабау (тұтасып, байланып қалған талшықтарын бір-бірінен ажырату үшін қос қолдап арнайы жүн сабау таяғымен) ұрғылау арқылы жүннің талшықтарын бір-бірінен ажырату. Сабайтын жүннің астына тулақ төселеді, тулақты арнайы ірі қара мал немесе ешкі, қой терісінен кептіріп дайындайды.

– Түту (сабалған жүнді үлпілдеп, серпімді және біркелкі болу үшін саусақтың көмегімен тарақтап түтеді).

– Иіру (түтілген жүнді тоқыма және әртүрлі ою-өрнектеу процесі үшін ұршықпен немесе иіру құрылғысы арқылы жіпке айналдыру кезеңі).

Қой жүнін қыркудың негізгі әдіс-тәсілдері:

– Қолмен қырқу (арнайы жүн қыркуға арналған қайшымен қырқу),

Қолмен қыркудың артықшылықтары: арзан, арнайы жабдық қажет емес және қойды жарақаттау қаупі аз болғанымен уақыт көп алады. Қолмен қырқу әдісі шағын шаруашылықтарда кең таралған.

– Механикалық қырқу (электрлі қырқу машинкасы), бұлай қырқу әдісі жылдам, әрі тиімді. Көбінесе, шағын шаруашылықтарда мұндай қырқу машинкасының қымбаттығын алға тартады.

Қырқу техникасы мен тәртібі:

Қырқуға дейінгі дайындық: Қойды 12–24 сағат бұрын аш ұстайды (асқазаны бос болуы үшін) және де жүнінің су болмауын қадағалап, құрғақ күйде қырқады.

Қырқу маусымы – көбіне көктемнің соңғы айлары мен жаздың басы (мамыр – маусым) және күз (қыркүйек-қазан) айларында, өйткені, бұл кезде ауа райы жылы, ал қой жүні жетілген уақыт. Жаңа туған қозылар мен буаз қойлар қыркылмасы анық.



Жүнді қырқу мерзімі мен жас шамасына қарай өзіндік атаулары болады, мысалы: «жабағы жүн», «күзем жүн», «қозы жүн», «өлі жүн» және «шет-пұшпақ». Қойдың жабағы жүнінен шидем шапан, күпі, ішпек, терілік жасайды, күпсек (бөстек), көпшік, жеңіл байпақ тігеді. Қойдың жабағы жүнін түтіп, одан кейін матаның сыртына шықпас үшін қылшықтарын бүрілтіп қайнатады. Бұл жүнді шайырынан арылтып тазарту үшін де істеледі. Жабағы жүнді киімнің, көрпенің арасына салады, неше түрлі иіру ісіне, бізбен, сыммен тоқылатын тоқыма жұмыстарына қолданады. Түтілген жабағы жүннен шүйке жасалып, бау-шу есіледі, өрмек жіптері, неше түрлі жиек-жіптер ширатылады.

Ал күзем жүнінен және қозы жүнінен киіз басылады, текемет, сырмақ, қалпақ, кебенек, киіз етік, пима сияқты киім-кешектер жасалады. Себебі, күзем жүні мен қозы жүні иіруге келмейді, ол киімнің, көрпенің арасына тартуға да жарамсыз.

Қойдың терісінен жұлынып немесе жидітіп алынған жұлма жүнді, қойдың бауырында, пұшпақтарында байланып жүретін білтеленген жүндерді «өлі жүн» деп атайды. Қотанның ортасында түсіп қалған, бұтаның басынан жиналған, бау-шу ескеннен қалған үзік жүндерді «шет-пұшпақ жүн» деп атайды. Мұндай жүндер көбінесе арқан-ноқта жіп есуге жұмсалады. Мінекей, жүннің түрлерін тізбектеу арқылы әрбір қолданылатын бұйымның өзін кез-келген қырқылған жүннен жасай салмай, түліктің жас ерекшелігіне, қойдың дене мүшесіне, жыл маусымына, жүннің сапасы мен құрамына қарай ажыратып барып дайындауының өзінде үлкен мағына мен өнімділік барын аңғарамыз [11, 198].

Қой жүнінің басқа да түлік жүндерінен ерекшелігі мейлінше мықтылығында. Оның мықтылығын сымтемірдің беріктігімен салыстыруға болады. Жіңішкелігі дәл өзіндей заттардың бәрінен жеңіл, жылуды жақсы сақтайды және созылғыш. Қой жүнінен дайындалған киім-бұйымдар жаңбыр суы мен ылғал-дымқылдан пішінін жоғалтып, иленіп қалмайды. Бояуды жақсы сіңіретіндіктен ұзақ уақыт бойы түсін жоғалтып, өңсізденбейді.

Қой жүнінің тағы бір ерекшелігі, оның шайырын жуған судан «ланолин» деп аталатын құнды шикізат алынады. Оны көбінесе косметика мен фармацевтикада қолданады. Ланолиннің аллергияға, ісінуге және қабынуға қарсы әсері бар. Сонымен қатар, бет терісінің күтіміне арналған түрлі косметикалық бұйымдар, жақпа майлар мен дәрілік препараттар дайындауда кеңінен қолданылады. Ланолиннің құрамында табиғи антисептикалық қасиеті болғандықтан, жараларды емдеуге де пайдаланады. Ал косметика индустриясында көбірек пайдалану себебі, біріншіден теріге жақсы сіңеді, екіншіден терінің табиғи май балансын сақтауға көмектеседі, үшіншіден, суды жақсы сақтайтындықтан теріні ылғалдандырып, оны құрғақтықтан және күн сәулесінен қорғайтындықтан, оны кремдерде, жақпамайларда және бальзамдардың құрамында жиі пайдаланылады [12, 19 - 90]. Қой жүнін жуу кезінде экологиялық тұрғыдан тиімді әдістерді қолдану нәтижесінде бір килограмм жүнді өңдеуге небәрі 2,5 литр су жұмсалатыны анықталған (Wang et al., 2022), және де ланолиннің экологиялық әдіспен қалай алынатыны туралы нақты деректер ұсынған [13]. Сондай-ақ, тағы да бір шетелдік зерттеу тобы (Impregnated Sheep Wool Fibers, 2023) жүргізген жұмыстарында жүнге



антибактериалды қасиет беру мақсатында ланолинді кетіру және мыс нанобөлшектерін енгізу әдістерін қарастырған [14]. Бұл ретте жүн талшықтарының термиялық оқшаулағыш қасиеттері мен бактерияға қарсы әсерлері жөніндегі мәліметтер де ұсынған.

Қой жүнімен қатар қой терісінің пайдалы қасиеттері бар. Төсекке танылған науқастардың денесінде көп жатқандықтан пайда болатын ойық жараға қой терісін пайдаланған, ол адам денесінің зақымдалған бөлігіндегі қысымды реттеуге ықпал еткен [15, 18]. Сонымен қатар, қой терісін жаңа туған сәби күтімінде пайдаланған. Сәби жатқан бесікке қойдың терісін сәбидің денесі тиетіндей етіп жақындатып қойған. Ал қой жүнінің үстіне жатқызғанда сәби тынышталып, денесінде пайда болған бөртпелер жазылған. Сәби оған тез үйреніп, осыдан кейін ұйқысы тынышталған. Сонымен қатар, шала туған нәрестелерді әрдайым қой жүнінен жасалған жөргекте ұстаған. Өйткені онда бірқалыпты температура сақталады және жөргекте өскен сәби бактериялы, вирустық инфекция мен тері ауруларымен сирек ауыратыны анықталған. Тағы бір пайдалы қасиетіне тоқталсақ, қой жүні нәрестенің бассүйекшілік қысымын қалыпқа келтіріп, қанайналымын бірқалыпты күйге келтірген [16, 78]. Аустралия мен Жаңа Зеландияның байырғы халқы дімкәс, шала туылған балаларды қойдың жүнімен орап, күтім жасаған. Кембридж университетінің ғалымдары 1983 жылы мынандай зерттеу жасайды: шала туылған сәбилерді бөлек инкубаторға салып, астына қойдың жүнін төсеген. Зерттеу тәжірибесінің қорытындысы оң нәтижесін беріп, дімкәс, жарымжан туылған сәбилердің денсаулығы жақсарып, тез салмақ жинап, тыныш ұйықтап, жақсы тамақтанған. Сонымен қатар, табиғи қой жүнінің ауаны жақсы өткізетіндігінен сәбилердің терлемеуін де байқаған [17, 95]. Адам ағзасына пайдалы қой жүнінің келесі қасиеттеріне толтамақпыз:

- Қой жүнінің биоөрісі ерекше болғандықтан шипалық қасиеті адамның тәніне ғана емес, жанына да әсер етеді;
- Жүн талшығының үйкелісі кезінде пайда болған электрстатикалық өрістің денсаулыққа, көңіл күйге жағымды әсері бар, себебі қой жүнінен жасалған материал статикалық электр зарядтарын бейтараптандыруға қабілетті;
- Қой терісінің қол-аяқ буындарының қабынуына, бұлшықет, сегізкөз ауруларына және басқа да сырқаттарға көмегі зор;
- Дене қызуын бірқалыпты ұстап, қан қысымын қалыпқа келтіреді;
- Омыртқа мен буын ауруларын емдеуге және созылмалы аурулардың алдын алуда пайдасы мол;
- Гайморит, құлақтың қабынуы, лимфа бездері ауруларына таптырмас ем;
- Табиғи емдік-антибактериялық қасиеттерге ие, бірақ бұл қасиет толықтай барлық микробтар мен бактерияларды жойып немесе жинамайды деп айту, қате түсінік. Егер жүнді дұрыс тазаламаса, кептірмесе немесе өзге де сақтау шарттары бұзылса, шаң, кір, бактериялар мен зең жиналуы мүмкін. Ал, тиісті күтім мен дұрыс өңдеу болса ғана оның пайдалы қасиеттері сақталады;
- Жараның тез жазылуына, сынықтың тез бітуіне, буын жасушаларының қалыпқа келуіне әсері етеді;
- Ауа өткізгіштігі басым, суды тез сіңіріп, тез кебеді;



- Қыста жылы, жазда салқын;
- Құрамында йод бар;
- Сыртқа жылу өткізбейді, ішке суық кіргізбейді;
- Жүйке жүйесін тыныштандырады;
- Адам бойындағы жағымсыз энергиядан арылтып, ультракүлгін сәулелерден қорғайды;
- Ревматизм, простатит, варикоз, остеохондроз, радикулит сияқты аурулардың алдын алуға ықпалы зор.

Қорытынды

Зерттеу мақсатына жету үшін қой жүніне қатысты кәсіби дағдылары жеке-жеке сипатталып, дәстүрлі қолөнер мен тұрмыстағы қолданысының өзіндік ерекшеліктері және қой жүнін қолданудағы адам ағзасына пайдалы тұстары қарастырылды, қой жүнінің құрамына қатысты «шайыры» мен «шуашының» түсініктері нақтыланып, толықтырулар ұсынылды.

Қой жүнін өңдеуге қатысты дәстүрлі білімдер мен дағдыларды материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізу арқылы оларды қорғау мен халықаралық деңгейде танымал етуге мүмкіндік бар. Сонымен қатар, жүннен жасалатын ұлттық бұйымдарды насихаттауға бағытталған көрмелер, фестивальдер және білім беру жобаларын ұйымдастырудың маңызы зор. Мұнымен бірге, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдау, экологиялық тұрғыдан тиімді технологияларды енгізуге жағдай жасау, ауылдық жерлердегі шеберлер мен қолөнершілерді халықаралық деңгейде қолдау – мәдени мұраны сақтаудың нақты тетіктері болып табылады. Осы әрекеттердің барлығы қой жүнін пайдалану дәстүрін жандандырып қана қоймай, оны тұрақты даму мақсаттарымен ұштастыруға да жол ашары сөзсіз.

Қазақстандағы қой жүніне қатысты материалдық емес мәдени мұраны сақтау және дамытуға қатысушы барлық салалардың қызметін үйлестірудің төмендегідей жолдарын ұсынамыз:

- Қолөнер мен дәстүрлі шеберлікті жаңғырту арқылы қой жүнін тұрмыстық бұйымдар мен киім-кешек өндірісінде пайдалануды арттыру;
- Этно-дизайн мен сән индустриясын дамыту арқылы қой жүнінен жасалған өнімдерді қазіргі заманғы сұранысқа бейімдеу;
- Туризм мен мәдени-ұлттық шараларда қой жүніне қатысты дәстүрлі тәжірибелерді насихаттау, этнографиялық қолөнер орталықтарын ұйымдастыру;
- Ауыл шаруашылығында қой жүнін тиімді өңдеудің заманауи технологияларын қолдану арқылы ұлттық өнімдердің сапасын жақсарту;
- Ұлттық білім мен дәстүрлі тәрбиені жандандыру арқылы жас ұрпаққа қой жүніне байланысты дәстүрлі дағдыларды үйрету.

ӘДЕБИЕТ

[1] «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны ратификациялау туралы» 2011 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабы. [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000514> (Қаралу уақыты: 05. 08.2025).



[2] «Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 408 қаулысы» [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408> (Қаралу уақыты: 08. 08.2025).

[3] Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын (2003) іске асыруға қатысты ұлттық баяндамасы. – Астана: –2024. 363 б.

[4] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық, XV том. – Алматы: – 2011. 824 б.

[5] Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі Энциклопедия. Алматы: – 2014. Б. 644-645.

[6] Бурамбаева Н.Б., Нұржанова К.Х., Ахметова Б.С. Қой шаруашылығының практикумы-«Зоотехника» мамандығында оқитын студенттерге арналған. – Алматы. – 2009. 164 б.

[7] Аджигалиев С., Аргынбаев Х.А. // Наука Казахстана. – 1994. № 23 (34). С. 6 –7.

[8] Досманбетов Б.С. Түркі халықтарының қалыптасуы // Молодой ученый. – 2015. №19. 2 (99.2). С.1-6.

[9] Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х.А. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. – Алматы: Ғылым. – 1998. 234 с.

[10] Шайгөзова Ж.Н., Наурызбаева А.Б. Қазақ мәдениетінің белгілері мен нышандарының қысқаша энциклопедиясы. – Алматы: Қаз.ҒЗМИ, – 2023. 320 б.

[11] Тоқтабай А.У. Түркі халықтарының этномәдениеті. – Алматы: Толағай, – 2006. 328 б.

[12] Аргынбаев Х.А. Историко-культурные связи русского и казахского народов и их влияние на материальную культуру казахов в середине XIX и начале XX вв. // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т.6. – 1959. – Алматы: С.19-90 .

[13] Wang H., Couture S., Bédard J. Watersaving Cleaning Processing of Sheep Wool and Eco-friendly Extraction of Lanolin // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. 2022. Vol. 1048. . 120. DOI: 10.1088/1755-1315/1048/1/012004.

[14] Ghimis S.B., Mirt A.L., Vlăicu A., Zaharia E., Bomboş M.M., Vasilevici G. Impregnated Sheep Wool Fibers with an Antimicrobial Effect // Chemistry Proceedings. 2023. Vol. 13. No. 1. Article 1. DOI: 10.3390/chemproc2023013001.

[15] Досымбаева А. История тюркских народов. Традиционное мировоззрение тюрков. Алматы: Service Press, – 2013. 250 с.

[16] Аргынбаев Х.А. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы: – 1969. 172 б.

[17] Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII-начало XX века. Политико-экономический анализ / С.Е. Толыбеков. Издательство: Наука Казахской ССР. – Алматы: – 1971. 632 с.



REFERENCES

- [1] Qazaqstan Respublikasynyń Zańy. (2011, December 21). «Materialdyq emes madeni múrany qorǵau turaly konvencıany ratifikacıalau turaly» [Law of the Republic of Kazakhstan “On the Ratification of the Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage”], Article 14. [Elektronnyı resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000514> Qaralǵan uaqyty: 05.08.2025 [in Kazakh].
- [2] Qazaqstan Respublikasy Úkimeti. (2013, April 29). «Qazaqstan Respublikasında materialdyq emes madeni múrany qorǵau jáne damytu jónindegi tújyrymdama turaly» № 408 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 408 “On the Concept for the Protection and Development of Intangible Cultural Heritage in the Republic of Kazakhstan”]. [Elektronnyı resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408> Qaralǵan uaqyty: 08.08.2025 [in Kazakh].
- [3] Qazaqstan Respublikasy. (2024). UNESCO-nyn Materialdyq emes madeni múrany qorǵau turaly konvencıasyn (2003) iske asyruǵa qatysty ulttyq baıandamasy [National Report of the Republic of Kazakhstan on the Implementation of the UNESCO Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage (2003)]. – Astana. 363 p. [in Kazakh].
- [4] Qazaq ádebi tiliniń sózdigi [Dictionary of the Kazakh Literary Language]. (2011). On bes tomdyq, XV tom. – Almaty. 824 p. [in Kazakh].
- [5] Qazaqtyń etnografıalyq kategorııalar, úgymdar men ataularynyń dástúrli júiesi (Enciklopedıia) [Traditional System of Ethnographic Categories, Concepts and Terms of the Kazakh People (Encyclopedia)]. (2014). – Almaty. P. 644-645. [in Kazakh].
- [6] Burambaeva N. B., Nurzhanova K. Kh., Akhmetova B. S. (2009). Qoi sharualyǵynyń praktikumy – «Zootekhnika» mamandyǵynda oqıtyn studentterge arnalǵan [Practicum on Sheep Breeding – for Students Majoring in “Animal Science”]. – Almaty. 164 p. [in Kazakh].
- [7] Adzhigaliev S., Arǵynbaev Kh. A. (1994). Nauka Kazakhstana [Science of Kazakhstan], 23(34), P. 6-7. [in Russian].
- [8] Dosmanbetov B. S. (2015). Túrki khalyqtarynyń qalyptasuy [The Formation of Turkic Peoples]. Molodoi uchenyi, 19.2(99.2), P.1-6. [in Kazakh].
- [9] Alimbai N., Mukanov M. S., Arǵynbaev Kh. A. (1998). Tradicionnaia kultura zhizneobespecheniia kazakhov. Ocherki teorii i istorii [Traditional Subsistence Culture of the Kazakhs: Essays on Theory and History]. – Almaty: Gylym. 234 p. [in Russian].
- [10] Shaigozova Zh. N., Nauryzbaeva A. B. (2023). Qazaq mádenietiniń belgileri men nyshan-darynyń qysqasha enciklopedıiasy [A Concise Encyclopedia of the Symbols and Attributes of Kazakh Culture]. – Almaty: Qaz.ǴZMI. 320 p. [in Kazakh].
- [11] Toqtabai A. U. (2006). Túrki khalyqtarynyń etnomádenieti [Ethnoculture of the Turkic Peoples]. – Almaty: Tolaǵai. 328 p. [in Kazakh].
- [12] Arǵynbaev Kh. A. (1959). Istoriko-kul’turnye sviazi russkogo i kazakhskogo narodov i ikh vliianie na material’nuı kul’turu kazakhov v seredine XIX i nachale XX vv. [Historical and Cultural Relations between the Russian and Kazakh Peoples and Their Influence on the Material Culture of the Kazakhs in the Mid-19th and Early 20th Centuries]. Trudy IIAE AN KazSSR, 6, P. 19-90. – Almaty. [in Russian].



[13] Wang H., Couture S., & Bédard J. (2022). Watersaving cleaning processing of sheep wool and eco-friendly extraction of lanolin. IOP Conference Series: Earth and Environmental Science, 1048(1), 012004. <https://doi.org/10.1088/1755-1315/1048/1/012004> [in English].

[14] Ghimis S. B., Mirt A. L., Vlaicu A., Zaharia E., Bomboş M. M., Vasilievici G. (2023). Impregnated sheep wool fibers with an antimicrobial effect. Chemistry Proceedings, 13(1), 1. <https://doi.org/10.3390/chemproc2023013001> [in English].

[15] Dosymbaeva A. (2013). Istoriia tiurkskikh narodov. Traditsionnoe mirovozzrenie tiurkov [History of the Turkic Peoples: The Traditional Worldview of the Turks]. – Almaty: Service Press. 250 p. [in Russian].

[16] Argynbaev Kh. A. (1969). Qazaqtyń mal sharualyǵy jaiǵynda etnografıalyq ocherk [An Ethnographic Essay on Kazakh Animal Husbandry]. – Almaty: 172 p. [in Kazakh].

[17] Tolybekov S. E. (1971). Kochevoe obshchestvo kazakhov v XVII–nachalo XX veka. Politiko-ekonomicheskii analiz [The Nomadic Society of the Kazakhs in the XVIIth – Early XXth Centuries: A Political and Economic Analysis]. – Almaty: Nauka Kazakhskoi SSR. 632 p. [in Russian].

**Онаева Г.Т., Кадримбетова Н.Н., Елкей Н.
ОВЕЧЬЯ ШЕРСТЬ: ОСОБЕННОСТИ И ПОЛЕЗНЫЕ СВОЙСТВА В
ТРАДИЦИОННЫХ ЗНАНИЯХ И НАВЫКАХ**

Аннотация. Цель – исследовать особенности овечьей шерсти в системе знаний и навыков традиционных промыслов, относящихся к нематериальному культурному наследию Казахстана, а также дать уточнения отдельным понятиям в данной области исследования. Методы – использованы аналитический и сравнительно-исторический методы, которые позволили комплексно рассмотреть материалы по овечьей шерсти. Результаты – определены специфические свойства овечьей шерсти и её полезное воздействие на организм человека, проанализированы различия между её «шайыр» (жировой налет) и «шуашем» (специфический запах жирового налета), дана авторская трактовка понятия «шуаш». Заключение – овечья шерсть обладает высоким потенциалом в сохранении и развитии нематериального культурного наследия, и дальнейшее её продвижение возможно во взаимосвязи с народными ремёслами, этнодизайном, модой, туризмом, сельским хозяйством и образованием.

Ключевые слова: сельское хозяйство, овцеводство, шайыр, шуаш, войлок, ланолин, сабау, скот, тулак, ремесло.

**Onaeva Gulmira, Kadrimbetova Nazgul, Yelkey Nurlybek
SHEEP WOOL: CHARACTERISTICS AND BENEFICIAL PROPERTIES IN
TRADITIONAL KNOWLEDGE AND SKILLS**

Annotation. Objective – to investigate the characteristics of sheep wool within the system of knowledge and skills of traditional crafts related to the intangible cultural heritage of Kazakhstan, as well as to clarify certain concepts in this field of study. Methods – analytical and comparative-historical methods were employed, enabling a



comprehensive examination of materials related to sheep wool. Results – the specific properties of sheep wool and its beneficial effects on the human body were identified, differences between its “shaiyr” (fatty coating) and “shuashem” (specific odor of the fatty coating) were analyzed, and an original interpretation of the concept of “shuash” was provided. Conclusion – sheep wool has significant potential for preserving and developing intangible cultural heritage, and its further promotion is possible through integration with folk crafts, ethno-design, fashion, tourism, agriculture, and education.

Keywords: agriculture, sheep farming, shaiyr, shuash, felt, lanolin, sabau, livestock, tulak, craft.